

«Қазақстан: 30 жыл алға ұмтылыс»

Облыстық № 2 ғылыми әмбебап кітапханасында абонемент бөлімінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Қазақстан: 30 жыл алға ұмтылыс» тақырыпта жылдың тұрақты көрмесі жұмыс жасауда. Жыл бойына ұйымдастырылып, оқырман назарына ұсынылатын көрме елдің тарихи шежіресін баяндайды.

Көрменің мақсаты – отыз жыл уақыт ішінде ордалы елге айналған Тәуелсіз Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың Тәуелсіздік жолында күрескен тарихи кезеңдерге шолу жасалынды. Көрме бірнеше бөлімдерден тұрады : Тәуелсіздік жемісі, Ұлы даланың ұлы тұлғалары, Қазақ Елі: Тарих. Тағылым. Тәуелсіздік, Желтоқсан желі ызғарлы.

Тәуелсіздік бұл қастерлі ұғым. 30 жыл бұрын еліміз ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап келген Тәуелсіздікке ие болып, егемен мемлекетке айналды. Біздің басты мақсатымыз – мемлекетіміздің, ұлтымыздың тарихы мен жетістіктерін, жасампаздық жолын кеңінен насихаттау.



